ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН КОЛЛЕДЖ БІРІНШІЛІГІ 04

Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерей тойы аясында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша I курс студенттері арасында Үстел теннисінен колледж біріншілігі өткізілді.

Жарыс қорытындысы бойынша:

Үстел теннисінен ұлдар арасында:
Іорын-Шардарбек Нұрбақыт 105 топ студенті
IIорын -Жақсылық Бекнұр 114 топ студенті
IIIорын -Тубек Абдурасул 114 топ студенті

Алғыс хатпен :
Сәбитбай Ерсұлтан 116 топ студенті
Жұмахан Алдиар 117 топ студенті

Қыздар арасындағы үстел теннисінен:
I орын - Нұрбек Дилназ 106 топ студенті
II орын - Тұрсынбек Фатима 101 топ студенті
III орын - Өмірбек Нулифар 102 топ студенті

Жауапты: №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары.

ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ПЛАТФОРМАСЫ - 2025 05

Желтоқсанның 10–12 аралығында еліміздің 17 облысы мен 3 қаласынан жиналған 200 белсенді жастың қатысуымен «Жас көшбасшылар платформасы» өтті. Платформа аясында қатысушылар фасилитация, көшбасшылық, саяси талдау, коммуникация және медиа бағыттары бойынша білім алып, тәжірибе алмасты. Арнайы тренингтер арқылы көшбасшылық қабілеттерін дамытып, командалық жұмыс, креативті ойлау және ортаға бейімделу дағдыларын жетілдірді.

Бағдарлама шеңберінде жас көшбасшылар ҚР Парламенті Мәжілісінде болып, депутаттар Жарқынбек Амантайұлы мен Максим Рожинмен ашық форматта кездесті. Сонымен қатар, қатысушылар Орталық мешітке және музейге экскурсияға барып, елдің рухани, тарихи-мәдени құндылықтарымен танысты. Екі күндік оқу қорытындысында «AMANAT» партиясының хатшысы Александр Данилов қатысушыларды құттықтап, оқуды сәтті аяқтағаны үшін арнайы сертификаттар табыстады. Осы бағдарламаның жалғасы ретінде өткен «Рухтастар» жастар сыйлығы – 2025 марапаттау кешінде «Үздік бөлімше» номинациясын «Жастар Рухы» ЖҚ Тараз қалалық бөлімшесі иеленді. Бөлімше жетекшісі Тоқтамыс Шынар Ерліккызы. «Белсенді рухтас» номинациясы Тұрсынқан Қарақат Русланқызына табысталды. Бұл жетістіктер – белсенділік, бірлік пен жүйелі еңбектің нәтижесі. Алда жас көшбасшыларды бұдан да биік белестер күтіп тұр!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! 06

01-02.12.2025 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған республикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылған «Көшбасшылар мектебі» жобасына қатысқаны үшін «Мейіргер ісі» мамандығының 321 топ студенті Искандеров Нурсултан Алғыс хат және сертификатпен марапатталды.

Жас талап иесіне алдағы өмір жолында асқар мұраттарға жетіп, білім мен еңбектің биік шыңдарын бағындыруына сәттілік тілейміз.

17.12.2025 ж. Братск медициналық колледжінің ұйымдастыруымен «Фармация» мамандығы «Ботаника» пәнінен Аймақаралық дәрілік өсімдіктердің морфологиясы мен құрамын анықтау мақсатында мультимедиялық презентация конкурсы өткізілді. Конкурсқа директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова К.Т. және фармацевтикалық пәндер оқытушылары Серкебаева А.К., Нурбаева Р.Т. қатысып, жүлделі III дәрежелі дипломға ие болды.

Құттықтаймыз!

№4
05.01.2026 ж.

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

01 РЕТРО ФЕСТИВАЛЬ
Колледж оқытушылары мен қызметкерлері арасында колледжішілік Ретро фестиваль өткізілді.

02 ОБЛЫСТЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН

03 ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ
Тәрбие жұмысының ұйымдастыруымен кездесу және тәрбие сағаты өткізілді.

04 ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН КОЛЛЕДЖ БІРІНШІЛІГІ

05 ЖАС КӨШБАСШЫЛАР ПЛАТФОРМАСЫ - 2025

06 ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушыларының жетістіктері.

07 ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж студенттерінің жетістіктері.

08 ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушыларымен студенттердің жетістіктері

РЕТРО ФЕСТИВАЛЬ 01

01.12. 2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна және колледж әкімшілігінің қолдауымен, «Денсаулық » клубының жетекшісі Блейменова Ботакоз Бекайдаровнаның ұйымдастыруымен **«Ретро ырғақ – салауатты ғұмыр»** тақырыбында колледж оқытушылары мен қызметкерлері арасында колледжішілік **Ретро фестиваль** өткізілді.

Байқаудың мақсаты: денсаулықты сақтау мен нығайтудың шығармашылық жолдарын көрсету, ретро әндердің эмоционалдық, психологиялық пайдасын және салауатты өмір салтын насихаттау. Байқауға 7 жұп қатысып, өнер көрсетті. Фестиваль 4 кезеңде өтті.

Байқау қорытындысы бойынша:

Бас жүлде - «Gold Shine» тобы, 1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары Айманбетова Н.А. және Сайлаубаева Н.Н. жеңіп алып, Облыстық байқауға жолдама алды.

І жүлделі орын - «Pharma-Stars» тобы- 2 Жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушылары: Әділ А.Б., Жұмабек Д.Н. және «Кофе с молоком» тобы- 3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушылары: Досжанова М.Т., ШыныбаевН.Е.

ІІ жүлделі орын - «Шырай» тобы, Әкімшілік-Кадрлар бөлімі мен Ақпараттық технологияларды орталығынан: Сұлтанғалиева А.С., Медетова Ш.С.

ІІІ жүлделі орын - «Ретро жұлдыздары » тобы- 1, 2 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушылары Базарбеков Д.Ж., Бейсенбек Ш.Ж. ие болды.

Номинациялар:

«Көрермен көзайымы» номинациясын № 1 Әлеуметтік -экономикалық білім беру мен жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушылары: Джантохова Г.Н., Қуанышбек Ж.А.

«Үздік жұп» номинациясын - «Рухани Ретро» тобы 1жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК оқытушылары: Дидарбекова М.Қ., Турдалиев Д.И. иеленді.

ОБЛЫСТЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН 02

04.12.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледждің 90 жылдық мерейтойы аясында Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына **«Ұлт руханиятының шамшырағы – Абай Құнанбаев» облыстық интеллектуалдық ойыны** өткізілді.

Интеллектуалды ойынның мақсаты: ұлы ойшыл, қазақ халқының кемеңгер перзенті Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылық мұрасын терең таныту, студенттердің әдебиетке, тілге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыру және шығармашылық белсенділігін дамыту; үштілділік саясатын қолдау арқылы білім мен мәдениет алмасуын кеңейту, Абай шығармалары арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттерді – еңбекқорлықты, адалдықты, білімге құштарлықты дәріптеу.

Интеллектуалды ойынға облыстың 8 колледжінің студенттері қатысып, шара үш тілде өтті.

1. Тараз «Парасат» жоғары колледжі «Hakim Hackers» тобы
2. Жамбыл политехникалық жоғары колледжі «Алғырлар» тобы
3. Тараз сервис және технология колледжі «Абай жолы» тобы
4. Қордай ауылшаруашылық колледжі «Өлең өрнегі» тобы
5. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі «Хакім үнімен үндескендер» тобы
6. Астана көпсалалы колледжі «Абай Mind»
7. Жамбыл инновациялық жоғары колледжі «men jastarga senemin» «MJS»
8. №3 Байзақ колледжі «Қара сөз қырандары» тобы

Ойын қорытындысы бойынша:

І дәрежелі диплом: Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі «Хакім үнімен үндескендер» тобы

ІІ дәрежелі диплом: Жамбыл инновациялық жоғары колледжі «men jastarga senemin» «MJS»

ІІІ дәрежелі диплом: Тараз «Парасат» жоғары колледжі «Hakim Hackers» тобы

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ
№4, 5 қаңтар
2026 жыл, дүйсенбі

Әділ – қазы алқасының мүшелері:

1. Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқыту орталығының» әдіскері - Г.Ж. Нишанова.
2. Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқыту орталығының» аға әдіскері - А.Н.Асхатова.

Д3. .Х.Дулати атындағы Тараз университеті, филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің орыс тілі маманы аға оқытушы, магистр - Ж.С. Букенова.

Қалған топтар сертификатпен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жауапты оқытушылар: Бердалиева Э.Б., Тойланбаева К.А., Абдалимова З.И.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ 03

08.12.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның негіздері» тақырыбында кездесу өткізілді.

Кездесу қонақтары: Төлендиев Қасымхан Естемесұлы «ЖАҢАРУ» сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жалпыұлттық қозғалыс» республикалық ҚБ Жамбыл облыстық филиалының директоры, кеңес мүшесі; Омаров Ерғали Жұмағалиұлы – облыстық партия филиалының Партиялық бақылау жөніндегі инспекторы; «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Әбуғали Ерғали Рүстемұлы. Іс-шара колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызының алғы сөзімен басталып, Қасымхан Естемесұлының мемлекеттің дамуында сыбайлас жемқорлыққа әрбір азаматтың қарсы тұруының қаншалықты маңызды екенін түсіндіруімен жалғасты. Ерғали Рүстемұлы жастарға әр күнін дұрыс жоспарлау арқылы үлкен жетістіктерге жетелейтін мемлекеттік бағдарламаларды таныстырды. Кездесу соңында колледж директоры Жамиля Нұрғалиқызы іс-шара спикерлеріне алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

10.12.2025 ж. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітаптарды насихаттау, студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітап сарқылмас рухани қазына» тақырыбында кітап жәрмеңкесі өткізілді.

Жәрмеңкенің мақсаты: көркем әдебиет оқуға шақыру, әдеби кітаптарды таныстыру.

Ұйымдастырушылар: кітапхана қызметкерлері.

12.12.2025 ж. 1**6- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым!»** тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімінің 105М-9/25, 106М-9/25 топтарымен колледжішілік ашық тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шара Қазақстан Республикасының әнұранымен басталды.

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т. құттықтау сөз сөйлеп, еліміздің тәуелсіздік жолындағы тарихи белестері мен оның бүгінгі ұрпақ үшін маңыздылығын атап өтіп, жастарды елін сүйетін, білімді, жауапкершілікті азамат болуға шақырды. Студенттер еліміздің тарихын, ерлігін, рухын айшықтайтын өлең шумақтар оқып, патриоттық ән, би, күй тартып, әдеби композиция ұсынды. Тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосатын жас ұрпақтың намысты, білімді, отаншыл болып өсуіне бағытталған тағылымды іс-шара болды.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын!

Қазақстанымыздың көк байрағы желбіреп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

Жауапты топ кураторы: Ахметбекова Р.М.

15.12.2025 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Ойынқұмарлық», «Нашақорлық», «Синтетикалық есірткі тасымалдау» тақырыбында бейнефильм көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шараны ұйымдастырудың мақсаты: «Ойынқұмарлық», «Нашақорлық», «Синтетикалық есірткі тасымалдаудың заңсыз айналымы, тасымалы және оның салдары туралы хабардар ету,заңсыз әрекеттерден сақтандыру, қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын-алу. Іс шараға 101,102,103,104,105,106,108,109,110,111,114,115,117,118,119,120,122,123,124,125-топтардан барлығы 427 студент қамтылды. Студенттер белсенді қатысып, тақырып бойынша маңызды ақпарат алды.